

**Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат саласындағы
әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу
жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған салалық келісім**

Астана қ.

2024 жылғы «28» маусым

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілетті өкілдері – «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Министрлік), салалық ұйымдардың (одан әрі – Жұмыс берушілер) және «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ), бұдан әрі Тараптар деп аталып, осы 2024-2026 жылдарға арналған салалық келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

1.2. Осы Келісім Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - ҚР ЕК), «Кәсіптік одақтар туралы», «Мәдениет туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларында баяндалған міндеттердің, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) және кәсіптік одақтардың республикалық бірлестіктерімен (қауымдастықтарымен, одақтарымен) арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған бас келісімнің (бұдан әрі - Бас Келісім) нормаларына негізделеді.

1.3. Осы Келісім жұмыскерлердің әлеуметтік және экономикалық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және жұмыспен қамту, әлеуметтік-еңбек қатынастары, еңбекті қорғау және әлеуметтік кепілдіктер мәселелерін реттеу мақсатында жасалды.

Келісім салалық деңгейде жұмыскерлерді жұмыспен қамту мен әлеуметтік кепілдіктерін, еңбек шарттарын анықтау бойынша тараптарды ұстауды және міндеттемесін айқындайтын әлеуметтік әріптестік тараптары арасында жасалған, жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт болып табылады.

1.4. Келісімнің әрекеті жұмыс берушілерге және олардың атынан және мүддесі үшін жасалған, олармен еңбек қатынастарында тұратын Министрлік мекемелерінің жұмыскерлеріне, сондай-ақ қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен Келісім жасалғаннан кейін оған қосылған жұмыс берушілер мен жұмыскерлерге қолданылады.

1.5. Тараптар осы Келісімде көзделген әлеуметтік-экономикалық және еңбек кепілдіктері жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу кезінде міндетті болып табылатынын және қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтінін таниды.

1.6. Өңірлік келісімдерді, ұжымдық шарттарды жасасу кезінде осы Келісімді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет. Оларды жасасқан кезде осы Келісімнің міндеттемелері азайтылмайды немесе алынып тасталмайды және жұмыскерлердің құқықтары мен кепілдіктерін шектеуге бағытталмауы тиіс.

1.7. Келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, жұмыс берушілер актілерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда жұмыскерлердің кепілдіктерін нашарлататын ережелері жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

1.8. Келісім жұмыс берушілердің еңбекке ақы төлеу, жұмыс режимі, демалыс, ұжымдық және еңбек шарттарында айқындалған қызметкерлерді әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралары бөлігінде қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер беру құқықтарын шектемейді.

1.9. Келісімнің қолданылу кезеңінде қабылданған және жұмыскерлердің әлеуметтік, еңбек және экономикалық жағдайларын жақсартатын құқықтық актілер олар қолданысқа енгізілген сәттен бастап Келісімнің тиісті тармақтарының қолданысын кенейтеді.

1.10. Кәсіподақ жазбаша өтініш негізінде Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлердің және/немесе олардың өкілдерінің мүдделерін білдіруге құқығы бар.

1.11. Келісім Тараптарының бірінде қайта ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілген жағдайда құқықтар мен міндеттемелер олардың құқықтық мирасқорына (құқықтық мирасқорларына) ауысалы және жана Келісім жасалғанға дейін сақталады.

2-тарау. Келісімді іске асыру нысандары

2.1. Тараптар үшін осы Келісімді іске асыру нысандары:

2.2. осы Келісімнің ережелерін іске асыру бойынша тараптар мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған ұжымдық келіссөздер;

2.3. әлеуметтік, еңбек және тікелей еңбекпен байланысты қатынастарды реттеу, жұмыскерлердің еңбек құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын жетілдіру бойынша өзара консультациялар;

2.4. жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды, жұмыскерлер мен жұмыс берушілер өкілдерінің еңбек дауларын сотқа дейін шешуге қатысуын жүзеге асыру;

2.5. әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу мәселелерін қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін Әлеуметтік әріптестік жөніндегі Салалық комиссия (бұдан әрі – Салалық комиссия) құру болып табылады.

2.6. Салалық комиссия тиісті шешімдермен ресімделетін отырыстар, дөңгелек үстелдер, консультациялар мен келіссөздер өткізу арқылы әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерін келісуді қамтамасыз ету жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Әлеуметтік әріптестікті салалық деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету тиісті қызмет

салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарына жүктеледі. Салалық комиссияның қатысушылары Министрліктің, Кәсіподақтың (жұмыскерлердің өкілдері) және жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері болып табылады.

Салалық комиссияның негізгі мақсаттары, міндеттері, функциялары мен құқықтары ҚР ЕК 13-тарауында бекітілген. Салалық комиссияның шешімдері келіссөздерде барлық тараптардың келісіміне қол жеткізу негізінде ғана қабылданады және тиісті келісімдермен ресімделеді.

Келіссөздер барысында, егер тараптар келісімге келе алмаса, хаттама жасалады, оған келіспеушіліктерді жою және келіссөздерді жаңарту мерзімдері бойынша тараптардың түпкілікті тұжырымдалған ұсыныстары енгізіледі. Шешімдер қабылдау және жұмысты ұйымдастыру тәртібін Салалық комиссия әзірлейді және бекітеді. Салалық комиссияның шешімін мәдениет және ақпарат саласының барлық деңгейлеріндегі жұмыс берушілер міндетті түрде орындауға жатады.

3-тарау. Еңбек қатынастары

Тараптар:

3.1. Барлық меншік нысанындағы сала жұмыскерлерімен өңірлік келісімдер, еңбек шарттарын жасасу кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларының, Бас келісімнің, осы Келісімнің нормаларын сақтауға бақылауды жүзеге асыру келісіміне келді.

3.2. Ұйымдардың жұмыскері мен жұмыс берушісі арасындағы еңбек қатынастары ҚР ЕК-ге сәйкес жасалатын еңбек шарты негізінде туындайды.

Еңбек шартының мазмұны, оны жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі ҚР ЕК-ге, басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге, сала ұйымдарының жарғыларына (ережелеріне) сәйкес айқындалады.

Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Келісімде, өңірлік келісімдерде және ұжымдық шарттарда көзделген құқықтар мен кепілдіктерді нашарлатпауға тиіс.

3.3. Біліктілікті арттыру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру, жұмыс орындарын сақтау және 50 жастан асқан адамдарға лайықты еңбек жағдайларын жасау, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру жөнінде шаралар қабылдайды;

3.4. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шараларды дайындау, оның ішінде мыналарға:

- еңбек, білім беру, денсаулық сақтау, жас отбасылар мен жұмыс істейтін жастар үшін қолжетімді баспана және салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды.

3.5. Жұмыс беруші кәсіподақпен келісім бойынша:

еңбек құқығының нормаларын, оның ішінде:

- жұмыс тәртібі туралы;
- еңбек нормаларын қайта қарау туралы;
- ауысым кестесі туралы;

- еңбек шарттарының өзгерістері туралы;
- демалыстар кестесі туралы;
- штаттық кестедегі өзгерістер туралы;
- жұмыскерлерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы ережелерді қамтитын жергілікті актілерді қабылдайды.

Жұмыс беруші:

1) ұжымдық шарттарда жоғары біліктілік деңгейі және жұмыс тәжірибесі бар, өзінің біліктілік деңгейін ұдайы арттыратын, штат саны қысқарған жағдайда жұмыс орындарын сақтауға басым құқығы бар жұмыскерлер санаттарының тізбесін айқындауға;

2) ұйымның жұмыскерлерін аттестаттау барысында кәсіби қасиеттерін, қызметкердің еңбекке қатынасын ескере отырып, нәтижелерді айқындауға;

3) аптасына қырық сағаттан аспауы тиіс жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау жөніндегі шараларды қолдануға міндеттенеді.

Күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымының) ұзақтығы, күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымының) басталу және аяқталу уақыты, жұмыстағы үзілістің уақыты ұйымның еңбек кестесінің ережелерімен, еңбек, ұжымдық шарттарда бекітілген жұмыс аптасының ұзақтығын сақтай отырып белгіленеді. Ұйымның қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, жұмыс берушінің актілеріне, ұжымдық немесе еңбек шартына сәйкес күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) өзге де ұзақтығы белгіленуі мүмкін);

4) толық емес жұмыс уақыты – толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасы мына жағдайларда:

- жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы жазбаша келісім бойынша;

- жүкті әйелдің, 14 жасқа дейінгі баласы (он сегіз жасқа дейінгі мүтедектігі бар бала) бар ата-анасының бірінің (қорғаншының, қамқоршысының, заңды өкілінің), сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесін күтуді жүзеге асыратын адамның өтініші бойынша белгіленеді.

Толық емес жұмыс уақыты жағдайында жұмыс істеу жұмыскер үшін ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығына қандай да бір шектеулерге әкеп соқпайды;

5) демалыс және мереке күндерінің жұмыс тәртібі ҚР ЕК-нің 85-бабымен реттеледі;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жыл сайынғы ақылы еңбек және әлеуметтік демалыстар беріледі.

Ақы төленетін кезекті еңбек демалысы, күнтізбелік жыл басталғаннан бастап бес күннен кешіктірмей, бастапқы кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша жұмыскерлердің пікірлерін есепке ала отырып, жұмыс беруші бекіткен демалыс кестесіне сәйкес ұсынылады.

Жұмыскерді жұмыс беруші бекіткен демалыс кестесімен таныстырады, жұмыскерлердің бекітілген демалыс кестесіне өзгерістер енгізу туралы

ұсыныстарын қарайды. Демалыстар кестесі өндірістік қажеттілікке байланысты өзгерген жағдайда, бұл туралы жұмыскерге еңбек демалысы басталардан кемінде екі апта бұрын хабарлайды.

Жыл сайынғы жазғы демалысқа немесе олар үшін қолайлы кез келген уақытта мына жұмыскерлердің:

- кәмелетке толмаған баланы (18 жасқа дейін) жалғыз тәрбиелеп отырған ата-аналардың (қамқоршылардың, асыраушылардың);
- үш және одан да көп баласы бар әйелдердің;
- еңбек жаракатын алған жұмыскерлердің;
- емделуге жолдамалары болған жағдайда кез келген жұмыскерлердің;
- мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналардың (қамқоршылардың, асыраушылардың) басым құқығы бар.

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі. Еңбек, ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге (оның біліктілікті қажет етпейтін еңбек жұмыскерлеріне) ҚР ЕК 89-бабының 3-тармағына сәйкес үздіксіз ұзақ жұмысы, маңызды, күрделі, жедел жұмыстарды орындағаны, қоғамдық жұмыс, сондай-ақ өзге де сипаттағы жұмыстарды орындағаны үшін көтермелеу сипатындағы жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін;

8) мынадай жағдайларда:

- некені тіркеген кезде - 5 күнтізбелік күн;
- бала туған кезде - 5 күнтізбелік күн;
- туыстары қайтыс болған кезде - 5 күнтізбелік күн қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыс беріледі;

9) қызметкерлерге олардың жазбаша өтініші бойынша ҚР ЕК-нің 97-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда және мынаған байланысты жағдайларда:

- жаңа тұрғылықты жерге көшкенде – 5 күнтізбелік күн;
- балаларын әскери қызметке шақырған кезде – 5 күнтізбелік күн;
- балаларын оқу жылына дайындаған кезде – 5 күнтізбелік күн жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі;

10) қызметкерлерді жалақысы сақталмайтын демалысқа кетуге мәжбүрлеуге жол берілмейді;

11) жас мамандарға:

- біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін есепке алмай, жастарды жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралар қабылдау;
- жұмыс тәжірибесі болмаған жас мамандар тәжірибелі қызметкерлер арасынан тәлімгерлермен қамтамасыз ету;
- жас мамандарға бес жылға дейін жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне көмек көрсету;
- ұйымда жастармен жұмыс істеу жөніндегі кеңестер немесе комиссиялар құру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- жастар арасында кәсіби шеберлік конкурстарын тұрақты өткізу арқылы қолдау көрсетіледі;

12) ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары бойынша жұмыстан босату туралы хабарлама алған жұмыскерлерге (ұйымда тәртіп, қызметкерлер санын немесе штатты қысқарту) жұмыстан босатылғанға дейін жалақыны сақтай отырып, жана жұмысты өз бетінше іздеу үшін айына кемінде 2 күн жұмыстан бос уақыт берелі;

Қызметкерлер санын немесе штатты қысқарту кезінде:

- зейнеткерлік жас алдындағы жұмыскерлерге (зейнеткерлікке шыққанға дейін 2 жыл);
- осы ұйымда 10 және одан да көп жыл жұмыс істеген жұмыскерлерге;
- көп балалы (төрт және одан да көп бала) ата-аналарға;
- еңбекте жоғары сапалы көрсеткіштері бар жұмыскерлерге;
- 18 жасқа дейінгі балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге;
- асырауында мүгедектер, жас балалары бар жұмыскерлерге;
- отбасының жалғыз асыраушысы болып табылатын жұмыскерлерге;
- жас мамандар, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне жұмыста қалдыруға басым құқық беріледі;

13) қызметкерлер саны немесе штатты қысқартқан кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген кепілдіктер мен өтемақылар беріледі.

Ұйымда, оның ішінде белгілі бір мерзімге жана жұмыс орындары пайда болған кезде, жұмыс беруші ұйымнан алам санының немесе штаттың қысқаруына байланысты бұрын жұмыстан шығарылған, онда адал жұмыс істеген жұмыскерлерді жұмысқа қабылдайды;

14) жұмыс орындарын (лауазымдарды) қысқарту қажет болған кезде, бірінші кезекте, төменде көрсетілген тәртіппен мынадай:

- ұйымдағы бос лауазымдарды (ешкімді алмаған бос орынды) қысқарту;
- қоса атқарушыларды жұмыстан босату, кәсіптер мен лауазымдарды қоса атқаруды шектеу (тыйым салу);
- жұмыскерлерге олардың біліктілігіне сәйкес бос орындарға ауысуға, ал мұндай бос орындар болмаған кезде – басқа, ведомстволық бағынысты ұйымдарда бар өзге де бос лауазымдарға ауысуға құқық беру шараларын қабылдайды;

15) ұйымда құрылымдық өзгерістер болған жағдайда, қысқартылатын жұмыс орындарынан жұмыскерлерді жаналадан құрылған жұмыс орындарына одан әрі ауыстыру үшін өз қаражаты есебінен қайта оқыту мүмкіндігін көздейді;

16) ҚР ЕК-нің 46-бабында көзделген еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда жұмыскерге еңбек жағдайларының өзгергені туралы бір ай бұрын жазбаша хабарлайды;

17) жұмыскермен еңбек шартын бұзу ҚР ЕК-де және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

ҚР ЕК-нің 52-бабында көзделген, кез келген негіз бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша кәсіподақ мүшесі - жұмыскермен еңбек

шарты бұзылған кезде, Жұмыс беруші бастапқы кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің уәжді пікірін алады;

18) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілетін ұйым қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу кезінде Кәсіподақ пен Кәсіподақ филиалдарының өкілдерін аттестаттау комиссияларының құрамына қосады;

19) «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 3-тармағына сәйкес кәсіподаққа мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ақшалай қаражат аударуды көздейді;

20) жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

21) Төтенше жағдай (бұдан әрі - ТЖ) кезеңінде қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылатын жұмыскерлер құрамы айқындалады, сонымен қатар қашықтан жұмыс істеу еңбек шартының талаптарымен айқындалады;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскерлерді олардың кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

Ұйым жұмыскерлерін еңбек шартында, лауазымдық міндеттерінде көзделмеген жұмысты орындауға тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қосымша ақы төлейді және оларды тартуға қызметкердің жазбаша келісімімен және жұмыс берушінің жазбаша өкімі бойынша ғана жол беріледі;

23) жұмыскерден Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті немесе ақпаратты талап етуге және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге, сондай-ақ оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі міндеттерді жүктеуге жол берілмейді.

3.6. Кәсіподақ:

1) жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына, оның ішінде жұмысқа қабылдау кезінде кемсітушілікке жол бермеу және жұмыс орындарын қысқартудың негізділігі, меншік иесі ауысқан, ведомстволық бағынысты тиесілілігі өзгерген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылған кезде жұмыскерлерге құқықтық кепілдіктер мен өтемақылардың сақталуы бөлігінде қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2) жеке және ұжымдық еңбек дауларын жедел сотқа дейінгі қарау және шешу мақсатында ұйымдарда Кәсіподақ пен жұмыс берушілер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік бастамада келісу және татуластыру комиссияларын құрады;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын зерделеу бойынша жұмыс берушілер мен Кәсіподақ мүшелері үшін оқыту семинарларын және оқытудың басқа да нысандарын, сондай-ақ кәсіби, өндірістік оқыту негізінде

кәсіби мобильділікті дамыту жөніндегі семинарларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

4) жұмыскерлердің кәсіби деңгейін арттыруды және ұйымдарла қолайлы, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді;

5) ҚР ЕК-ге сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады және Министрлік пен жұмыс берушілер тарапынан жүргізілетін қоғамдық бақылауға қарсы іс-қимыл жасауға және кедергі жасауға жол берілмейді;

6) кәсіптік одақтар мен жұмыс берушілер бірлестіктерінің қызметіне бір-бірінің тарапынан араласпау туралы заңнамалық және жалпы танылған халықаралық нормаларды және қағидаларды сақтайды, оларды құруға және жұмыс істеуіне кедергі келтірмейді;

7) кәсіподақ мүшелеріне тегін заңдық және консультациялық көмек көрсетеді және олардың құқықтық қорғалуына жәрдемдеседі;

8) гендерлік және жастар саясаты жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялардың жұмысын жандандырады.

4-тарау. Еңбекке ақы төлеу

4.1. Тараптар мынадай келісімге келді:

1) Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мәдениет жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы (бұдан әрі - Қаулы) негізінде жүзеге асырылады.

Сала жұмыскерлерінің тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) ең төмен мөлшері «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Келісімде белгіленген ең төмен еңбекақы мөлшерінен төмен болмауы тиіс.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйелері еңбекке ақы төлеудің мерзімді-сыйақылық нысанын пайдаланады. Бұл кәсіпорындардағы еңбекақы төлеу мәселелері кәсіпорындардың өздері әзірлейтін Еңбекақы төлеу қағидаларымен реттеледі және Кәсіподақ өкілдерімен келісім бойынша ұжымдық шартпен айқындалады.

Үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардың (акционерлік қоғамдардың, коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйелері Кәсіподақ өкілдерімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұжымдық шартпен айқындалады;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын жұмыскерінің айлық жалақысының мөлшері немесе айлық тарифтік

мөлшерлемесінің мөлшері «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінің бір жарым еселенген мөлшерінен төмен болмауы тиіс;

3) жалақы жұмыскерлерге жұмыс орындалғанға кейін ай сайын ақшалай нысанда төленеді. Жалақы жұмыскерлерге төленетін айдан кейінгі 10 күннен кешіктірілмей төленуі тиіс;

4) жалақы еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес есептеледі және мыналарды:

- лауазымдық жалақыны (тарифтік мөлшерлемені);

- еңбек жағдайлары үшін жалақыны көтеруді, үстемеақыларды және қосымша ақыларды;

- қолданыстағы заңнамала, ұйымның жергілікті құқықтық актілерінде көзделген басқа да төлемдеді қамтиды;

5) бюджеттік ұйымдардың атынан жұмыс берушілер № 1193 қаулыда белгіленген мөлшерде мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне қосымша ақылар мен үстемеақыларды тағайындауға және төлеуге міндеттеме алады. Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы (қызмет көрсету аймағын кеңейту) жұмыскердің лауазымдық жалақысының кемінде 50% мөлшерінде тағайындалады;

6) ҚР ЕК-нің 106, 109 және 110-баптарына сәйкес жұмыскерлерге жалақыны есептеу кезінде мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін басқа демалыс күнін ұсынады немесе еңбек немесе ұжымдық шарттар талаптарына және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғары мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесін есепке ала отырып, екі еселенген мөлшерден төмен емес мөлшерде төлем жүргізеді және осы мақсатты іске асыру үшін бюджеттен ақша бөлуге ықпал етеді;

7) мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыратын немесе шаруашылық жүргізу құқығы бар ұйымдарда мемлекеттік бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылатын жұмыскерлерге кемінде бір лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлей отырып, ұзақтығы күнтізбелік 30 күннен кем емес негізгі ақылы еңбек демалысын алуды сақтайды және тиісті лауазымдық жалақылардан және азаматтық қызметшілердің қосымша ақыларынан, оның ішінде №1193 қаулыға және осы Келісімге сәйкес ерекше еңбек жағдайлары үшін төленетін үстемеақыдан төмен емес лауазымдық жалақылардың, қосымша ақылардың барлық түрлерінің ең төменгі мәндерін белгілейді;

8) тараптар ұжымдық шарттарда жұмыс берушінің бастамасы бойынша күнделікті жұмысты (жұмыс ауысымын) бөліктерге бөлу жүргізілетін жұмыс түрлерін, жұмыстағы үзілістердің саны мен ұзақтығын, сондай-ақ осындай шарттармен жұмыс істегені үшін жұмыскерлерге өтемақы төлемдерінің түрлері мен мөлшерін айқындауды ұсынады. Өтемақы төлемдері бюджет саласындағы жұмыскерлерге базалық лауазымдық жалақының 50%-ынан төмен емес, бекітілген еңбекақы төлеу қоры шегінде белгіленеді;

9) қызметкерлерге берілген мүліктің және басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін толық жеке және ұжымдық (ортақ)

материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалуы мүмкін жұмыскерлер атқаратын немесе орындайтын лауазымдар мен жұмыстардың тізбесі, сондай-ақ толық материалдық жауапкершілік туралы үлгілік шарт бастапқы кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып, жұмыс берушінің актісімен бекітіледі;

10) бос тұрып қалған жағдайда оны ресімдеу тәртібі мен төлем мөлшері еңбек, ұжымдық шарттармен, әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік салалық келісімдермен айқындалады және:

- жұмыс берушіге және жұмыскерге тәуелді емес себептер бойынша орташа жалақының 50%-інен кем емес, бірақ ең төменгі жалақы мөлшерінен кем емес мөлшерде;

- жұмыс берушінің кінәсінен - жұмыскердің орташа жалақысының кемінде 70%-і мөлшерінде белгіленеді. Мемлекеттік ұйым жұмыскерлерінің ТЖ кезеңінде жұмыс беруші мен жұмысшыға байланысты емес себептер бойынша жұмыс тоқтап тұрғандағы уақытқа жалақыны есептеу ТЖ режимін енгізгенге дейін белгіленген мөлшерде, бірақ бір тарифтік мөлшерлемеден (лауазымдық жалақыдан) кем емес және заңды белгіленген ең төменгі жалақыдан кем емес мөлшерде жүргізіледі;

11) қашықтықтан жүргізілетін еңбекке ақы төлеу еңбек шарты тараптарының келісімімен айқындалады, бірақ жұмысты қалыпты жағдайда жүзеге асыратын осы мамандық жұмыскерлері үшін белгіленген еңбекке ақы төлеу мөлшерінен төмен болмауы тиіс. Уақытша қашықтан жұмыс істеу кезіндегі жалақы еңбек шартында не келісімде келісілген жұмыс көлемі сақталған кезде толық мөлшерде төленеді;

12) қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін жұмыс уақытының тіркелген есебі белгіленеді, оны бақылау ерекшеліктері еңбек шартында немесе еңбек тәртібінің қағидаларында айқындалады. Егер жұмысты орындауды жұмыс беруші нақты уақытпен тіркей алмаған жағдайда, жұмыс уақыты еңбек шартында белгіленген жұмыс көлемін орындау ретінде жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі құжатта белгіленеді. Жұмыскер мен жұмыс беруші қашықтан жұмыс істейтін жұмыскердің еңбек шартында белгіленген жұмыс уақыты шегінде жұмысты нақты орындау уақытын көздейтін өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді. Өзара іс-қимыл тәртібімен жұмыскердің қонырауларға, электрондық хаттарға және жұмыс берушінің сұрау салуларына жауап беру міндеті көзделуі мүмкін, бұл мерзім ішінде жұмыскер жұмыс берушінің жұмысты орындауға байланысты сұрау салуларына ден қоюға міндетті. Жұмыскер өзара іс-қимыл тәртібімен белгіленген уақыттан тыс жүзеге асырылған жұмыс берушінің сұрау салуларына жауап беруге міндетті емес;

13) «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен аумақтарда жұмыс істейтін сала жұмыскерлеріне жұмыскерлердің экологиялық куәлігінің болу-болмауына қарамастан:

- «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1) тармақнасындa белгіленген мөлшерде радиациялық тәуекел аумақтарындағы жұмысы үшін қосымша ақы;

- «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 3) тармақнасындa белгіленген ұзақтығы, жыл сайынғы еңбек демалысымен бірге берілетін қосымша жыл сайынғы ақылы демалыс тағайындалады;

14) Тараптар әлеуметтік әріптестік жөніндегі Салалық комиссияның отырысында құжаттардың жобаларын міндетті түрде қарай отырып, еңбекақы төлеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келісілген әзірлеу туралы уағдаласты. Тараптар кез келген себептерден, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізуден, ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы өзгерістерден туындаған сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттарының өзгерістерін әлеуметтік әріптестік жөніндегі Салалық комиссия шеңберінде келісімге келді.

4.2. Жұмыс беруші:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және өз қаражаты есебінен ұжымдық шарттың талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалған сыйлықақы беру жүйесін және еңбекті ынталандырудың басқа да нысандарын енгізу жөнінде шаралар қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өткен жылғы инфляция деңгейінен (тұтыну бағаларының индексінен) төмен емес мөлшерде жалақыны индексітеуді жүргізуге;

3) жұмыскерлерге жалақы төленген күні ай сайын жазбаша немесе электрондық нысанда әрбір жұмыскерге оның жалақысының құрамдас бөліктері, оған тиесілі, жүргізілген ұстап қалулардың, оның ішінде аударылған міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері мен негіздері туралы, төлеуге жататын жалпы сомасы туралы ай сайын хабарлауға ;

4) №1193 Қаулының 7-қосымшасына сәйкес, қаржыландыру жоспары бойынша немесе қазыналық кәсіпорын үшін бекітілген смета бойынша тиісті жұмыскерлерге сыйлықақы беру, дербес қосымша ақы тағайындау, материалдық көмек төлеу жүргізуге міндеттенеді.

Сыйлықақы беру тәртібі ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде белгіленеді;

5) жұмыскер жыл сайынғы немесе басқа демалыстан келгеннен кейін, сонымен қатар оның еңбекке уақытша жарамсыз кезеңінде еңбекақыны және (немесе) жалақының (лауазымдық жалақының) мөлшерлемесін өзгертуге құқылы болғанда, еңбекке ақы төлеудің неғұрлым жоғары разрядының мөлшерлемесіне сүйене отырып, жалақы төлеу демалыс немесе еңбекке уақытша жарамсыздық аяқталған күннен бастап жүргізіледі.

4.3. Кәсіподақ:

1) осы Келісімде, ұжымдық шарттарда және еңбекке акы төлеу туралы ережелерде бекітілген шарттарда және тәртіппен сала қызметкерлерінің жалақысын көтеруді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының жалақыны уақтылы төлеу бөлігінде сақталуына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге;

2) Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуге;

3) Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстарды қарауға және дайындауға қатысуға құқылы;

4) сала қызметкерлерінің еңбекақысының нақты деңгейіне және жалақыны арттыру бойынша қабылданатын шараларға мониторинг және талдау жүргізуге;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың сала ұйымдарының алдына қойылған міндеттерді орындау жөніндегі бастамаларын және Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларындағы ақпаратты іске асыруға қатысуды жалғастыруға міндеттенеді.

5-тарау. Кепілдіктер беруді қамтамасыз ету, жеңілдіктер мен басқа да төлемдер

5.1. Жұмыскерлерді - кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік қорғау мақсатында бірлескен бағдарламалар, жұмыссыздыққа қарсы күрес және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыстан босатылатын жұмыскерлерді қорғау іс-шараларының жоспарларын, ең төменгі күнкөріс деңгейін белгілеу және оны сақтау, табыстарды индекстеу, жалақының, зейнетақылардың, стипендиялардың ең төменгі деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді, оларды тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар ретінде енгізеді;

5.2. Тараптар:

1) сала жұмыскерлеріне, әсіресе жас мамандарға, оның ішінде ауылдық жерлердегі, шағын қалалар мен өңірлердегі қызметкерлерге бірлесіп әлеуметтік қолдау көрсетуге;

2) ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін жұмыскерлерге отын мен коммуналдық қызметке шығыстарды толық өтеу үшін жалақыға 25% төлеу бойынша белгіленген заңнамалық нормаларды орындау бойынша бақылауды жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті жұмыспен өтеу бағыты бойынша жұмысқа орналасқан жас мамандар үшін қауіпсіз жұмыс орнымен толық жарақтандыра отырып, сапалы тұрғын үй, көтерме төлемдер, әлеуметтік пакеттер, лайықты еңбек жағдайлары міндетті түрде ұсынуға;

4) көтермелеу, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінде құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапаттауға уағдаласты.

5.3. Министрлік:

1) жұмыс берушілерге жұмыскерлерді, оның ішінде біліктілікті қажет етпейтін еңбек жұмыскерлеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес үнемделген бюджеттік және меншікті қаражаты есебінен үстемеақылар мен басқа да көтермелеу нысандарын көздеуді;

2) түзету коэффициенттерін арттыру арқылы еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлерге еңбекақы төлеу бойынша жоғары мөлшерде жәрдем көрсетуді;

3) мемлекеттік мекемелердің, қазыналық кәсіпорындардың және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың біліктілікті қажет етпейтін еңбек жұмыскерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысына сауықтыру үшін бюджеттен лауазымдық жалақысы мөлшерінде жәрдемақы төлеу туралы мәселені қарауды;

4) ауылдық жерде тұратын сала жұмыскерлерінің отын мен коммуналдық шығыстары үшін өтемақыны жергілікті өкілді билік органдармен бірыңғай мөлшерде тағайындауға және міндеттілікке қол жеткізуді;

5) осы салада 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар жұмыскерлерді аттестаттау – тестілеуден өткізудің бірінші кезеңінен босату бөлігінде мемлекеттік мәдениет ұйымдарының азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына өзгерістер енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жас мамандардың балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бірінші кезектегі тәртіппен орын беру туралы мәселені қарауды ұсынады;

7) «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес, келісімдерде немесе ұжымдық шартта көзделген жағдайларда жұмыс беруші кәсіподаққа мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ақша аудараты.

5.4. Жұмыс беруші:

1) жұмыскерлерге құқықтар, әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер, өтемақы төлемдері, жәрдемақылар беру туралы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдык зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылдың 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес міндетті медициналық қарап-тексеруден өту кезінде медициналық тексерулерге ақы төлеуді қамтамасыз етеді;

- қызметтік іссапарларға жіберу кезінде;

- донор болып табылатын жұмыскерлер үшін;

- жұмысын жоғалтумен байланысты;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда;

2) мемлекеттік ұйымдарда бюджет қаражатын үнемдеу есебінен, мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың бюджеттен тыс (меншікті) қаражаты есебінен жұмыскерге мынадай жағдайларда:

- оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (жұбайлары, ата-аналары, балалары, асыраушылары, асырап алғандары, аға-інілері, қарындас, сіңлілері) қайтыс болған;

- некеге тұру және бала туу, бала асырап алған жағдайда материалдық көмек көрсету. Материалдық көмек мөлшерін ұжымдық немесе еңбек шарттарында айқындау қажет;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілікті қажет етпейтін еңбек жұмыскерлеріне жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде бюджеттен тыс қаражат есебінен лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеуді қамтамасыз етеді;

4) ҚР ЕК-нің 52-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көзделген негіз бойынша жұмыскер зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде кемінде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде өтемақы төлейді;

5) мүмкін болған жағдайда жұмыскерлерге жатақхана немесе коммуналдық тұрғын үй беруге жәрдемдеседі;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыскерлерге біліктілік санаттарын беруді немесе арттыруды қамтамасыз етеді;

7) «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және ұжымдық шартта көзделген кәсіподақ органдарының сайланбалы және басқа мүшелері үшін кепілдіктер береді.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымы комитетінің құрамына сайланған қызметкерлерге орташа жалақысы сақтала отырып, қоғамдық міндеттерді орындау үшін аптасына бір күн беріледі және кәсіподақ комитетінің төрағасына ұжымдық шартта көзделген талаптармен демалысқа кемінде 5 қосымша күн беріледі;

8) жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде немесе бастауыш Кәсіподақ ұйымының төрағасы болып табылатын жұмыскер зейнеткерлік жасқа толуына байланысты жұмыстан босатылған кезде кәсіподақ пен оның филиалдары жазбаша хабардар етеді;

9) кәсіподақтың облыстық филиалы ұйымдастырған жиналыстар, конференциялар және басқа да іс-шаралар уақытында кәсіподақ органдарының сайланбалы және басқа да мүшелерінің іс-сапар (тұру, тамақтану, жол жүру билеті) шығыстарын төлейді;

10) жұмыс берушінің бастамасы бойынша Кәсіподақ мүшесі болып табылатын жұмыскермен жасалған еңбек шартын бұзу немесе оны тәртіптік

жауапкершілікке тарту үшін уәжді пікір алу үшін Кәсіподақты хабардар етеді;

11) өңірлік келісімдерде, ұжымдық, еңбек шарттарында жұмыскерлердің, оның ішінде әйелдердің, жастардың және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың негізгі құқықтары мен кепілдіктерін көздейді;

12) білім беру ұйымдарында оқитын жұмыскерлерге сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттен немесе бюджеттен үнемделген қаражаттан ақылы оқу демалыстарын береді. Оқу демалысына ақы төлеу мөлшері ұжымдық шартпен және оқыту шартымен айқындалады;

13) бұрынғы жұмыскерлерге, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету жөнінде шаралар қолданады;

14) Ұйым қызметкерлерін лауазымдық міндеттерін адал атқарғаны, жұмысты жоғары сапалы орындағаны, бастамашылдығы, шығармашылық белсенділігі, жұмыстағы жетістіктері үшін:

- сыйақы берумен;

- алғыс жариялау, құрмет грамотасымен, алғыс хаттармен және мемлекеттік наградалармен марапаттау, құрметті атақтар берумен көтермелейді;

15) ҚР ЕК 136-бабына сәйкес қашықтан жұмыс істеу кезінде жұмыскерді қажетті коммуникация құралдарымен (байланыс құралдарымен) қамтамасыз етеді.

Жұмыскер өзінің коммуникациялық құралдарын тұрақты негізде пайдаланған жағдайда 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтемақы төлейді және нақты шығыстарды өтейді.

5.5. Кәсіподақ:

1) жұмыскерлерді ұйымды, кәсіби қызметті және шығармашылық жетістіктерді дамытуға көп жылғы еңбек үлесі, кәсіподақ және қоғамдық қызметке белсенді қатысқаны, жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін:

- сыйлықақымен;

- мақтау қағазымен, алғыс хаттармен, төс белгілермен марапаттаумен және құрметті атақтар берумен көтермелейді;

2) ұйымда, санаторлық сауықтыруда бұқаралық дене шынықтыру - сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырады;

3) ұйымдардың еңбек ардагерлеріне, көп балалы отбасыларға және ҰОС мүгедектері мен қатысушылары бар және оларға теңестірілген отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша шаралар қабылдайды.

6-тарау. Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және жұмыскерлердің денсаулығы

6.1. Тараптар:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау саласындағы талаптардың, құқықтар мен міндеттердің сақталуын қамтамасыз етуді;
- 2) жұмыс берушілер кәсіподақпен бірлесіп еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне, еңбекті қорғау жөніндегі келісімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асыруды;
- 3) жұмыс берушілерге жұмыскерлерді медициналық сақтандыруды жүзеге асыруды уағдаласты;
- 4) жұмыс беруші мен Кәсіподақ (келісім бойынша) жұмыскерлер күнтізбелік 10 күннен астам емделуді қажет етпеген жағдайларда (санаторийді қоспағанда, стационарлық немесе амбулаториялық) немесе жұмыскерге құқыққа қарсы іс-әрекеттер, сондай-ақ дүлей зілзала салдарынан мүліктік зиян келтірілген кезде материалдық көмек көрсетеді.

6.2. Жұмыс беруші:

- 1) жұмыскерлердің сау және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқығын, өндірістік жарақаттанудың және жұмыскерлердің кәсіптік ауруларының туындауының алдын алатын еңбек қауіпсіздігінің заманауи құралдарын енгізуді қамтамасыз етеді;
- 2) барлық жұмысқа кіргендермен, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстырылған жұмыскерлермен еңбекті қорғау бойынша оқыту мен нұсқама жүргізеді;
- 3) жұмыскерлердің еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды, қағидалар мен нұсқаулықтарды сақтауын қамтамасыз етеді және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзатын жұмыскерлерге шаралар қабылдайды;
- 4) техникалық инспекция өкілдеріне, Кәсіподақтың техникалық инспекторына, еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің мүшелеріне еңбекті қорғаудың жай-күйіне бақылау жүргізуде жәрдем көрсетеді. Олар жұмыскерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарының бұзылуын анықтаған жағдайда анықталған бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдайды;
- 5) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың ролін күшейту жөнінде шаралар қабылдайды және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инспектордың функциялары жүктелген жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақы келісімдерде, ұжымдық шарттарда немесе жұмыс берушінің актілерінде айқындалатын мөлшерде, бірақ жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес мөлшерде төлеуді және өз қаражаты есебінен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды оқытуды қамтамасыз етеді;

б) ұйымдағы жұмыс орындарын аттестатауды жүргізеді;

7) жұмыскерлерге түскі үзілісте дене шынықтырумен айналысу және демалу үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру, жұмыс берушінің қаражаты есебінен сала жұмыскерлерін жыл сайын міндетті медициналық қарап-тексеруден өткізу мүмкіндігін көздейді;

9) жұмыскерлерді салалық өңірлік келісімдерде және ұжымдық шарттарда айқындалған кәсіптер мен лауазымдар тізбесіне сәйкес дезинфекциялау құралдарымен, арнайы және жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етеді;

10) жұмыс берушінің есебінен жеке қорғаныс құралдарын, арнайы киім мен аяқ киімді сатып алуды, сақтауды, жууды, кептіруді, дезинфекциялауды және жөндеуді қамтамасыз етеді;

11) жұмыскерлердің кінәсінен емес еңбекті қорғау талаптарын бұзу салдарынан мемлекеттік қадағалау және еңбек заңнамасының сақталуын бақылау органдарының жұмыстары уақытша тоқтап тұрған уақытта жұмыскерлердің жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтайды;

12) жұмыс берушінің еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптарды орындамауы салдарынан оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде жұмыскер жұмыстан бас тартқан жағдайда, жұмыскерге осындай қауіпті жою уақытында басқа жұмыс береді немесе осы себеп туындағанда орташа жалақы мөлшерінде қарапайым жалақы төлейді;

13) бастапқы кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетімен келісім бойынша әрбір жұмыс орнына еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне, еңбекті қорғау жөніндегі келісімдердің орындалуына бірлескен бақылауды жүзеге асырады;

14) жұмыскерлердің жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтай отырып, оларға тегін міндетті алдын ала және мерзімді медициналық тергеп-тексеруден (тексеруден) өтуін қамтамасыз етеді;

15) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге меншік нысанына қарамастан қосымша ақы төлеуді жүзеге асырады, кәсіптік зиян келтіргені үшін лауазымдық жалақысының 60% мөлшерінде қосымша төлем жүргізіледі;

16) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғаларға уақтылы тергеп-тексеру жүргізеді және олардың есебін жүргізеді;

17) ұйымдарда жұмыс берушінің және жұмыскердің жұмыс істейтіндердің денсаулығын сақтағаны мен сауықтырғаны үшін ортақ жауапкершілігін күшейту жөніндегі шаралар көзделеді.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Тараптар:

- 1) Келісімді іске асыру бойынша консультациялар, мониторинг және практикаға талдау жүргізуге;
- 2) Келісімді іске асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес осы Келісімде көзделген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

7.2. Министрлік:

1) Кәсіподақты еңбек қатынастарымен және әлеуметтік-экономикалық мәселелермен байланысты мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу, сондай-ақ сала қызметкерлерін марапаттау бойынша алқалық басшы органдарға комиссиядарға және басқа да жұмыс органдарына (топтарға) қосады;

2) Еңбек және әлеуметтік-экономикалық қатынастар мәселелері бойынша Жұмыс берушілермен және Кәсіподақпен консультациялар жүргізеді, Кәсіподаққа оның сұрау салулары бойынша жұмыскерлердің саны мен құрамы, еңбекақы төлеу жүйелері, персонал санаттары бойынша орташа жалақының мөлшері, еңбек жағдайлары мен қорғау бойынша көрсеткіштер, жұмыскерлердің санын (штаттарды) жаппай қысқарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу туралы ақпарат, мәдениет және ақпарат саласындағы қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік орган қабылдаған шешімдерді береді;

3) Кәсіподақпен бірлесіп Салалық комиссияның отырыстарын қажеттілігіне қарай өткізеді;

4) Еңбек заңнамасының, келісімдердің, қызметкерлерге құқықтар, әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер, өтемақы төлемдері, жәрдемақылар беру туралы ұжымдық және еңбек шарттарының нормаларын сақтауға ықпал етеді.

7.3. Жұмыс беруші:

1) Тараптарға келісімдерді дайындау, жасасу және өзгерту, олардың орындалуын бақылау мақсатында ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін қажетті әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша қолда бар ақпаратты ұсынады;

2) меншік нысанына қарамастан ұйымдарда кәсіподақтардың құқықтары мен кепілдіктерін сақтайды, халықаралық және еңбек заңнамаларына, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ басқа да құқықтық актілерге сәйкес кәсіподақтар жүзеге асыратын заңнаманың сақталуын бақылауға жәрдемдеседі.

7.4. Кәсіподақ:

- 1) жасалған келісімдер мен ұжымдық шарттардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) жұмыс берушілердің келісімдерде, сондай-ақ ұжымдық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындауына жәрдемдеседі;
- 3) кәсіподақ мүшелерін еңбек заңнамасы, кәсіптік одақтар туралы заңнама бойынша оқытуды жүргізеді, өңірлердегі әлеуметтік әріптестік практикасын жинақтайды және осы Келісімді іске асырады, ұжымдық шарттар жасасу жөнінде ұсынымдар әзірлейді;
- 4) жасалған салалық, өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттарды есепке алуды қамтамасыз етеді, оларға талдау жүргізеді, әлеуметтік әріптестік саласындағы озық тәжірибені жинақтайды және таратады;
- 5) жеке еңбек дауларын уақтылы және білікті шешу мақсатында келісім комиссияларының мүшелерін сала ұйымдарында оқытуды жүзеге асырады;
- 6) жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртібі мен еңбек тәртібі қағидаларын, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтауына жәрдемдеседі;
- 7) кәсіподақ мүшелерін жарғыда айқындалған шарттарда және тәртіппен қаржы қаражатының түсуі мен жұмсалуды туралы хабардар етеді;
- 8) Кәсіподақ мүшелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ереуілдерді, бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, тосқауылдар мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді;
- 9) кәсіподақ ұйымның қызметіне нұқсан келтірмей жұмыс орны бойынша мүшелік кәсіподақ жарналарын жинауға құқылы. Жұмыс беруші «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіподақ мүшелері болып табылатын жұмыскерлердің жазбаша өтініштері болған кезде кәсіподақтың шоттарына жұмыскерлердің жалақысынан мүшелік кәсіподақ жарналарын аударуды қамтамасыз етеді.

8-тарау. Келісімнің қолданылуы

8.1. Тараптар келісімге қол қойылғаннан кейін оның мәтінін сала ұйымдары мен Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының назарына жеткізеді.

8.2. Келісімге қол қойған әрбір Тарап өз өкілеттіктері шегінде өзінің жауапкершілігін таниды және туындайтын проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

8.3. Тараптардың ешқайсысы Келісімнің белгіленген қолданылу мерзімі ішінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді біржақты тәртіппен өзгерте немесе орындауды тоқтата алмайды және Тараптардың өзара уағдаластықтары бойынша ғана оған өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

8.4. Қабылданған міндеттемелердің орындалуын бақылауды Келісім Тараптары мен олардың өкілдері, сондай-ақ Өлеуметтік әріптестік және өлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия келісімді орындаудың жыл сайынғы қорытындыларын шығару арқылы жүзеге асырады.

8.5. Бақылау жүргізу үшін Келісім Тараптары жыл сайын бір-біріне оның орындалу барысы туралы толық және дәйекті ақпарат береді.

8.6. Келісімде көзделген міндеттемелерді орындамағаны үшін кінәлі лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

8.7. Осы Келісім Тараптар қол қойған кезден бастап күшіне енеді және үш жыл ішінде қолданылады.

8.8. Келісім _____ данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Қол қоюға қатысушылардың әрқайсысында Келісімнің бір данасы болады.

9. Осы Салалық келісімге мыналар қол қойды:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
атынан:

Министр
А. Ғ. Балаева



Кәсіподақ атынан:

«Қазақстандық салалық мәдениет,
спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің
кәсіптік одағы» ҚБ-ның төрағасы
С. К. Иманқұлова



Жұмыс берушілер атынан:

«Қоғамдық келісім» РММ директоры
Э. С. Масагутова



«Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры»
РМҚК директорының міндетін атқарушы
Е. Ж. Қабылбеков



«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт»
мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы»
РМҚК директоры
Т. Н. Қаратаев



«Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі»
РМҚК директорының міндетін атқарушы
А.Ж. Сыдықов



ҰР еңбек және халықтық
мәдениеттік қорғау министрлігінде
2024 жылғы 1 шілдеде 11:09 тіркелді.
Б. Бердұшев

**Отраслевое соглашение
по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых
отношений в отрасли культуры и информации
Республики Казахстан на 2024 -2026 годы**

г. Астана

«28» июня 2024 г.

Глава 1. Общие положения

1.1. Полномочные представители сторон социального партнерства – Государственное учреждение «Министерство культуры и информации Республики Казахстан» (далее – Министерство), отраслевые организации (далее – Работодатели) и Общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников культуры, спорта, туризма и информации» (далее – Профсоюз), в дальнейшем именуемые Стороны, заключили настоящее Отраслевое соглашение на 2024-2026 годы (далее – Соглашение).

1.2. Настоящее Соглашение основывается на нормах Конституции Республики Казахстан, Трудового кодекса Республики Казахстан (далее – ТК РК), Законов Республики Казахстан «О профессиональных союзах», «О культуре», «О средствах массовой информации», задачах, изложенных в Посланиях Президента Республики Казахстан, Генерального соглашения между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями (ассоциациями, союзами) работодателей и республиканскими объединениями (ассоциациями, союзами) профессиональных союзов на 2024-2026 годы (далее – Генеральное соглашение).

1.3. Настоящее Соглашение заключено в целях обеспечения защиты социальных и экономических прав работников и регулирования вопросов занятости, социально-трудовых отношений, охраны труда и социальных гарантий.

